



«Бекітемін»

№280 орта мектеп директоры

Ж.Кумекбаева

«Келісемін»

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары М.Прманов

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірлескен
2023-2024 оқу жылына арналған
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

Мектеп тәлімгері А.Асанханова

Қызылорда, 2023 жыл

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқатән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1.Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен береkesін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- 2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- 3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынасорната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығынсақтайды;

- Ақпараттық, медна және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейінкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын

дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру)

басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, **#БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ХЕШТЕГІН ТЕГТЕУ**

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;

Қазақстан халқы Ассамблеясы

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Мектеп – мейірбандық мекені» (<i>«Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы</i>)	МАД, 1-4 Сыныптар 5-9 сыныптар 10-11 сыныптар	«Мектепке жол» акциясы	1.08-30.09.2023ж	Демеушілер, жеке кәсіпкерлер, еріктілер т.б	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші А.Асанханова И.Садықова Қ.Жидебаева
2	1 қыркүйек – Білім күні салтанатты жиын Білім күнін және «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық челленджі Хэштег: Bilim_quni Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар: «Мектепке алғашқы қадам», «Біздің мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып –		Салтанатты жиын және сынып сағаттары <i>бейнеролик</i>	1.09.2023ж	Білім беру ұйымдары, білім саласының ардагерлері т.б	М.Прманов Сынып жетекшілер А.Асанханова С.Рысбаева Қ.Жидебаева И.Садықова

	өмірдің жаңа кезеңі» «Жаңа ғасырдың жарқын естелік» «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім» «Сәлем, жаңа оқу жылы» «Менің саяхатым», «Менің туған өлкем» «Жазғы демалыста мен жасаған игі іс» «Менің үлкен сыныптастарым» «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Болашақ менің қолымда» «Мектебім, менің мектебім!» «Жаңа оқу жылы құтты болсын»	1-сыныптар 2-сыныптар 3-сыныптар 4-сыныптар 5-сыныптар 6-сыныптар 7-сыныптар 8-сыныптар 9-сыныптар 10-сыныптар 11-сыныптар				
4	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр»	1-4 сыныптар	«Балалар кітапханасы» жобасы	13.09.2023	Кітапханалар байланысы	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші С.Рысбаева А.Асанханова
5	Парламент ұйымын қайта құру (өзін-өзі басқару) («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	8-11 сыныптар	сайлау	18-22.09.2023	Мектеп парламенті	М.Прманов Сынып жетекшілер
6	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткібизнесіне қарсы күрес: «Біз біргеміз»	1-4 сыныптар	Конкурс черлидерлер, отбасылық эстафеталар, флешмоб спорттық акция	28-30.09.2023	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі; ҚР ІІМ қарасты жергілікті полициясы департаментінің өкілдері	М.Прманов Сынып жетекші А.Асанханова Мектеп парламенті

	«Мектеп спорты», ««Ертеңді ойласаң есірткіге жолама» спортоындары күні	5-7 сыныптар 8-11 сыныптар				
7	«Қарттарым - асыл қазынам» 1 қазан қарттар күні «Аталар сөзі» мақал-мәтел сайысы «Атадан қалған асыл сөз» мәнерлеп оқу сайысы «Атадан тал қалғанша мал қалсын» суреттер байқауы «Аталар сөзі – тәрбие көзі» кездесу «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» көрме ұйымдастыру «Әке - асқар тау, ана – қайнар бұлақ» эссе байқауы «Әкешім бәйтерегім!» видеороликтер сайысы «Әке жолы - ізгі жол» сахналық қойылым	1-сыныптар 2-сыныптар 3-сыныптар 4-сыныптар 5-сыныптар 6-сыныптар 7-сыныптар 8-11-сыныптар	Сынып сағаты	29.09.2023	Ардагерлер кеңесі	ДТЖО Сынып жетекші А.Асанханова

ҚАЗАҚ АЛАШ АЗАМАТТАРЫНҢ ҰЛЫҚ АУАЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Қауіпсіз мектеп» акциясы «Бағдаршам әліппесі» «Қауіпсіз терезе» Абайлаңыз, балақай! «Мен және менің инспекторым» «Әлеуметтік желідегі қауіпсіз	1-11 сыныптар 1-сыныптар 2-сыныптар 3-сыныптар	тәрбие сағаты	09-13.10	ҚР Ішкі істер министрлігі, жол полициясы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау	ДТЖО А.Асанханова

	әлем» «Буллинг және оның алдын алу» «Буллинг – оқушы, қамқор ата-ана» «Өрт қауіпсіздігі» «Буллинг құрбаны - жасөспірімдер» «Суицид - қоғамдағы ірі проблемалардың бірі...»	4-сыныптар 5-сыныптар 6-сыныптар 7-сыныптар 8-сыныптар 9-сыныптар 10-сыныптар			министрлігі	
2	«Бес нәрсеге асықбол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») «Әкем айтқан нақылсөз...» «Даналық мектеб» «Менің бизнес идеяларым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5-8 Сыныптар 9-11 сыныптар	Сыныпсағаты	20.10.2023ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші А.Асанханова
3	Күзгі демалыс күндерінің жоспарлы жұмыстары	1-10 сыныптар	Жоспар	30.10-05.11.23	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші И.Садықова Қ.Жидебаева Р.Серікбай Пән мұғалімдер

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Мейірімділік керуені» «Қоржын» қайырымдылық акциясы аясында үлес қосқан меценаттар мен	1-11 сыныптар	Қайырымдылық акциясы демеушілерді марапаттау	7.11.2023	Үкметтік емес ұйымдар ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші И.Садықова А.Асанханова
2	«Жол тәртібін бұзбайық!»	5-9 сыныптар	пікірталас	13.11-17.11.23	ҚР Ішкі істер министрлігі жол полициясы	Дебат фракциясы А.Асанханова
3	19 қараша - «Темекі шегуге қарсы» күні «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!»	5-9 сыныптар	Флешмоб Анықтама	16.11.23	ҚР Оқу- ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші А.Асанханова

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛ ЕЛ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Жас Ұлан» ұйымына қабылдау	4-7 сыныптар	Салтанатты жиын	14.12.2023ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші А.Асанханова

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Үміт сәулесі» («Еңбегі ерен жас орен» жобасы)	5-11 сыныптар	акция	12.03.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші И.Садықова А.Асанханова
2	«Ұлттық киім –ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-7 сыныптар	Сән үлгілерін көрсету	14.03.2024ж	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі	ДТЖО Сынып жетекші А.Асанханова

СӘУІП – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

1	1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	30.04.2024 ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне	ДТЖО Сынып жетекші А.Асанханова
---	---	---------------	--------------	--------------	-----------------------------	---------------------------------------

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
-

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория (сыныптар)	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	«Медиа time» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	Видеороликтер байқауы	6.05.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші «Жас Ұлан» «Жас сарбаз» А.Асанханова
2	«Менің кіші отанымның картасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-4 сыныптар	конкурс	13-17.05.2024ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	ДТЖО Сынып жетекші А.Асанханова
3	Сыңғырла, соңғы қоңырау!	1-11 сыныптар	Салтанатты жиын	25.05.2024 ж	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші А.Асанханова